

М.О.ӘУЕЗОВТЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӨНІНДЕ

С.Н.Әлібек, Б.Серікбаев
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Облыстық №1 дарынды балалар мектебі, Шымкент қ.

М.О.Әуезов мұрасы көп қырлы. Ол өз заманының теңдесі жоқ жазушысы болуымен қатар, қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, фольклорын, әдет заңдарын, тума тарихын терең меңгерген аса білгір мәдениет-тарихшысы. Ұлы жазушы өзінің кең көлемді еңбегі "Абай жолы" роман-эпопеясында тек суреткер ғана емес, көп қырлы этнограф, тарихшы-ғалым ретінде көрінді. XX ғасырдың ұлы туындысы аталған бұл шығармада қазақ халқының шаруашылығы, әдет ғұрпы, қаза жөнелту, қыз ұзату сияқты тұрмыстық рәсімдері, фольклорлық және музыкалық мұралары жан-жақты шебер көрініс тапқан. Роман тек көркем туынды ғана емес, бүкіл халықтың тума мәдениетінің, рухани болмысының, тіршілік-әрекетінің, әдет-салтының, бүкіл этнографиялық мұрасының энциклопедиясы сипатты дүние.

М.Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясында көшпелі қазақ қауымындағы үдере көшу дәстүрі кенінен суреттеледі (I том 39 бет). Мұндай көштерде ауыл жайлауға жеткенше бір қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан көшіп кететін болған. Үлкен үйлер тігілмей қазақтың тігіп жинауға оңай әрі қолайлы керегесіз уықтан тігілген-"абылайша", уық тәрізді сидам ағаштардың басын түйістіріп тіккен — "ұраңқай" және керегелерді бір-біріне сүйеп жасалған - "итарқа" тәрізді шағын баспаналар бой көтерген. Осының ішінде "абылайша" — Абылай хан кезіндегі әскери жорықтарда көп қолданылатындықтан "абылайша" деп аталып кеткенін этнограф-ғалымдар жазады. Көшпелі халықтың шаруашылығын терең меңгерген М.Әуезов "Абай жолында" қазақ ауылының көші-қон дәстүрін, көш үстіндегі ауыл өмірінің тіршілік әрекетін, тұрмысын жан-жақты ашып көрсетеді.

Ұлы туындыда Абайдың айттырған қалыңдығы Ділдәнің ауылына алғаш рет есік аша баруында қазақтың көне -"ұрын бару" салты керемет суреттелген (I том. 182-189 бет). Қазақ салты бойынша Абай қалыңдық ауылына үкі тағылған ұзын тымақ, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп келеді. Күйеудің қайнына барғанда қасындағылардан сәнді, ерекше киініп баруы ежелден қалыптасқан дәстүр. Жора-жолдастарымен келген күйеу жігітті қыз жағы бір қыр астын киіз үй тігіп, бөлек қарсы алады. Бірнеше күн той-думан болып екі жастың некесі қиылғаннан кейін қыз жеңгелері жігітке салт бойынша қыздың қолын ұстатып, "қол ұстатар", "шаш сипар", "қыз құшақтатар" рәсімдерін жасап өз сыбағаларын алған. Этнос мәдениетінен мол хабарлы М.Әуезов "Абай жолы" эпопеясында "ұрын бару", салтын, ол кезде жасалатын рәсімдерді кең көлемде сипаттайды.

Қарастырылып отырған романда көрініс тапқан салт-дәстүрдің бірі-жерлеу салты. Елге қадірлі Бөжей қайтыс болғанда Байдалы өз қолымен үйдің оң жағына қара тігеді. Жалпы қазақ қауымында төре қайтыс болса, оның шыққан тегіне қарай ақ ту, көк ту, ала ту тігілетін болған. Егер өлік қарадан шыкса, ту түсі өлген адамның жасына қарай белгіленген. Бөжей орта жастағы адам болғандықтан бір жағы ақ, бір жағы қызыл ту тігіледі.

Өлімде қазақ халқы жоқтау айтуға аса көп мән берген. Егер де жоқтау мағыналы, үйлесімді шыкса ол халық арасына тез тараған. Мысалы, Абайдың інісі Оспан қайтыс болғанда оның екінші әйелі Зейнептің жоқтауына бүкіл Ырғызбай руы ырза болып, жастарға жаттап алуды бұйырады. Сонымен қатар Абайдың өзі де бірнеше жоқтаулар жазған. Ұлы туындыда Абайдың ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда Абай оның жары Мағышқа жоқтау өлең жазып

береді.

"Абай жолының" қай бетін ашып оқысаңыз да ұлтымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын бейнелеген мол мұраларға тап боласыз. Солардың бірі аң аулап, құс салған – саятшылық. Қазақта құс салу, құсты ұстап баптау жатқан өнер, үлкен салт болған. Жас балалар құс салуды қаршыға, ителгі сияқты құстардан бастап үйренген. Ұлы туындыда М.Әуезов Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы Шәкенін Қаршығасының екі бірдей сарала қазды алуын тамаша бейнелейді (II том 99-101 б.). Ертеде қазақ аңшылары аңға топтасып шығып, қос тігіп айлап жатып құс салатын болған. Бұл қазақтардағы құс бегілік пен құс салу дәстүрінің көрінісі.

Ұлтымызда үлкенге тіл тигізген, үміті ақталмаған балаға әкесі қолын теріс жайып бата берген. Мұны қазақта "теріс бата" деп атайды. Батаның бұл түрі сирек қолданған және жазаның ең үлкені болған. Ұлттық ұғымда теріс бата алған баланың жолы болмай, қырсық шалады деп сенген. Өзінің бастауын көне түркі дәуірінен алатын бұл дәстүрді М.Әуезов "Абай жолында" Құнанбайдың баласы Абай мен немересі Әмірге теріс бата беруінде суреттейді. Ұлы туындыда бұл көрініс: "Жүгініп алып, көлденен жатқан немересінің кеудесінің үстіне теріс батаның алақанын жайып тұр" — деген жолдармен нақты көрініс тапқан (II том 179б.).

Халқымызда қалыптасқан салттың бірі кісі атын атамау дәстүрі. Жаңа түскен келіндер атасы мен енесінің, қайнағалары мен қайныларының атын атамайды. "Абай жолында" Абайлы жеңгелері атын атамай "Телғара" деп атайды. Абайдың бұлай аталу себебі, жас кезінде екі шешесі Айғыз бен Ұлжанның ауылында бірдей бала болып жүргендіктен, үлкендер жағы "Телғара" деп ат қойған. Кейін жеңгелері "Телғара" деп атап кетеді. Кісі атын атамау дәстүрі бойынша Абайдың інісі Ысқақтың әйелі Мәніке қайнағысы Тәкежанды-Аккем деп атаса, Абайды-Әйнекем деп атайды. Абайдың сүйікті жары Әйгерім үлкен атасы Ырғызбайдың атын атамай Әжекем деп атаған. Жастарды әдептілікке тәрбиелеуде үлкен тәрбие негізі болған кісі есімін атамау ата дәстүрі М.Әуезовтың "Абай жолы" роман-эпопеясында көркем бейнеленеді.

"Алты жасар бала жол жүріп келсе, аллыстағы шал барып амандасады" деген нақыл бойынша алыстан келген жас балаға ауыл адамдары алдынан шығып сәлем берген. Ұлы туындыда М.Әуезов ұлтымыздың осы көне салтын Абайдың оқудан елге келген сапарында көркем суреттейді. Абайды Құнанбай ауылының үлкен кемпір-шалы, аға-жеңгеден бастап бір топ жан алдынан Шығып қарсы алады. Көп топтың ішінен шешесін көріп, соған қарай келе жатқан Абайға Ұлжан дағды бойынша әуелі әкесі Құнанбайға сәлем беруді ескертеді.

"Абай жолы" романында ерекше көңіл аударарлық көріністердің бірі — Салиқа қыздың дауы. Салиқа Сыбанның жесірі. Атастырылған күйеуі өліп, алпыстан асқан, екі әйелі бар қайнағасы Сабатар өзі алмақшы болады. Қалың мал толығымен төленген. Алайда, әкесінен үлкен адамға үшінші әйел болып баруды қорлық санаған Салиқа Керей руының ақсақалдарына басын азат етуді өтініп шағымданады. Керей мен Сыбан арасындағы өршіген бұл жесір дауына Абай өзі төрелік етіп қызды Сыбаннан азат етеді де, Керей Сыбанға екі қыздың қалың малы, жүз түйе айып төлеумен бітімге келеді. Бұл шешім әдет заңымен дәлме-дәл келген шешім болды.

М.О.Әуезов ұлтымыздың діни-наным сенімдерін де терең меңгерген білімпаз болған. Ұлы туындыда Абай ауырғанда әжесі Зере қартаң әйелді шақырып емдетеді. Автор бұл көріністі: "Кет бәлекет, кет. Көш баламнан, көш!" — деп, батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып, бірдеме ем істеген болды" — деп суреттейді. Бұл да әр заттың жаны бар деп пайымдап, ертедегі табиғатқа табынған шаман дінінен қалған көрініс. Ауруды көшіруді қазақ емші, бақсылары жақсы білген.

М.О.Әуезов "Абай жолы" роман-эпопеясында көркем түрде және нақтылай деректермен әдіптелген салт-дәстүр, құқық мәселелері жан-жақты баяндалады. Халқымыздың мәдениетін терең меңгерген М.Әуезов халық мұрасын таза күйінде, қоспасыз түрде "Абай жолы" романында көрсете білді. М.О.Әуезов суреттеген XIX ғасырдағы қазақтың төл тума мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің түбірі тереңге, түркі тектес халықтардың төркін мәдениетіне тіркелетінін көреміз.

Кез-келген халықтың түбірі, шығу тегі, мәдениеті кешеден ғана басталмайды, талай ғасырдан бастау алады.

Сондықтан да бүгінгі қазақ халқының тарихының тамыры тереңде, тым алыста. Қандайда бір салт-дәстүр болмасын талай ғасырды артқа тастап қалыптасатыны анық. Сондықтан да түбірі тереңдегі салт-дәстүрлер көне дәуірдегі мәдениеттің жұрнақтары.

Мысалы, тайпалық өмірде пайда болған "Қанға қан заңы" бертін келе, М.Қашқари заманында "Қанды қанмен жумас болар" деп кітапқа түссе, қазақ хандары тұсында қанға қан алу "Құн заңымен" алмасты.

Қазақтардың мәйітті жерлеу рәсімдерінде кездесетін "Жоктау" тым көне дәуірлердің мұрасы. Мысалы "Манас" жырында Манастың сүйегіне жоқтау айтады. Сондай-ақ "Еділ батыр" (Атилла) жырында Еділ өлгенде ғұндар сүйекті ортаға қойып көп жоқтау айтқан. Демек жоқтау айту көне дүниеден қалған мұра.

"Абай жолы" роман-эпопеясы таза көркем шығармашылық деңгейден гөрі, ғасырлық тұрмыс-салт, рухани мәдениеттің энциклопедиясына сай дүние. Қазақ мәдениетінен хабар алғысы келген, қазақ халқын танып білгісі келген адам "Абай жолы" романынан мол мәлімет алып, қазақ халқының рухани, заттық дүниесін танып біледі. М.О.Әуезовтың ерен еңбегі таза ғылым мен халықтық мәдениетке қарсы күрес басталған, 30-40-шы (XX) жылдардағы "таптық көзқарас" заманында дүниеге келіп, "таптық сынаудан" қазақ фольклорын, қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі Абайдың мұрасын аман алып қалды.

М.О.Әуезов "Абай жолы" романында қазақ халқының жүз жылдық дәуірін сипаттайтын салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көркем түрде өрнектеп қалдырды.

Әдебиет

1. Н.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс. Егемен Қазақстан – 29 қараша, 2003 ж.
2. М.Әуезов. «Абай жолы». I том, Алматы, 1989 ж.
3. М.Әуезов. «Абай жолы». II том, Алматы, 2002 ж.

Резюме

В статье представлено этнографическое наследие выдающегося писателя XX века, академика Мухтара Омархановича Ауезова.

Summary

Some ethnographical legacy of outstanding (well-known) writer, academic Muhtar Omarhanovich Auevov in XX century are considered in this paper.